



**Қазақстанның салық төлеушілер қауымдастығы
Қоғамдық Пікірді Зерттеу Орталығы**

Салық қызметтерін бағалау және мониторинг жүргізу

**Заңды тұлғаларға және ЖК, тұрғындарға, салық қызметінің
жұмыскерлеріне сұрау салу**

Алматы, 2011

Мазмұны

КІРІСПЕ.....	4
Зерттеу әдістемесі.....	5
Заңды тұлғалар мен ЖК сұрауы.....	7
Халық арасынан сұрау.....	10
Мемлекеттік қызметкерлер- салық органдарының өкілдерінің сұрауы.....	12
Зерттеу іріктеуінің түйіні.....	13
<i>Сандық зерттеудің дала жұмыстарының сапасын қамтамасыз етудің рәсімдері</i> ..	14
<i>Қолжетпейтін себептері</i> ..	14
I БӨЛІМ. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ және ЖК СҰРАУ.....	16
Бастапқы мәліметтер.....	16
Өтініштердің жиілігі.....	16
<i>Нақтылық және уақыттық шығындар</i> ..	19
Қызметтерді ресми емес түрде алу.....	20
Салық органдары қызметі сапасымен кәсіпкерлердің бағалауы.....	23
Өткен жылдармен салыстырғанда жеке кәсіпкерлердің қызмет сапасымен қанағаттануы.....	23
Салық органдарының қызметтерінің сапасына бөлек параметрлер бойынша кәсіпкерлермен баға беру.....	26
<i>Мерзімі және уақыты</i> ..	26
<i>Процедура</i>	28
<i>Бланктер, құжат үлгілері, көрсеткіштер, қызмет тілі</i>	30
<i>Салық қызметтер бойынша ақпараттың уақытылығы және мазмұндылығы</i>	32
<i>Анықтама терезесіндегі, телефон бойынша және Интернет бойынша ақпаратпен қанағаттанушылық</i>	34
<i>Персонал</i>	36
<i>Ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету</i>	40
Көрсетілетін салық қызметтерінің параметрлері бойынша сапасын бағалау динамикасы.....	44
Қызметтердің жалпы сапасы: бағалауларды қайта қарау.....	46
Кәсіпкерлердің жеке салық қызметтерімен қанағаттану деңгейі.....	51
2010 жылдың мәліметтерімен салыстыруы.....	51
Салық қызметтері бойынша жеке қызметтердің параметрлерімен қанағаттану.....	51
Кәсіпкерлерге ақпарат беру.....	59
Салық есептілігі.....	66
Кері байланыс.....	71
Кері байланыс әдістері.....	71
Қазақстан салық қызметінің имиджі.....	75
Позитив және негатив рейтингі.....	77
Кәсіпкерлер шағымы.....	78
Салық қызметінің тиімділігі.....	83
II БӨЛІМ. ТҰРҒЫНДАРДЫ СҰРАУ.....	84
Демографиялық ақпарат бъективті сұрау.....	84
Бастапқы мәліметтер.....	86

<i>Тұрғындардың салық органдарына бару жиілігі</i>	86
<i>Қызмет көрсетудің мерзімі мен уақыты</i>	86
<i>Қателіктер мен жоғалтулар</i>	88
<i>Қызметтерді ресми емес түрде алу</i>	88
Тұрғындардың салық органы қызметімен қанағаттанушылығы	89
2010-2011 жж. қанағаттанушылық динамикасы	90
Блоктар бойынша қызметке тұрғындардың қанағаттанушылығы	92
<i>Мерзімі және уақыты</i>	92
<i>Процедура</i>	94
<i>Бланктер, құжат үлгілері, көрсеткіштер</i>	95
<i>Ақпараттың уақтылығы және мазмұндылығы</i>	96
<i>Анықтамалық ақпараттың қол жетімділігі</i>	97
<i>Жұмысты ұйымдастыру</i>	98
<i>Персонал бағалауы</i>	99
<i>Ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету</i>	101
<i>Қызметтерді алу жағдайлары</i>	102
<i>Қызмет параметрлері динамикасы. Қызметтердің сапалық параметрлерімен қанағаттануы.</i>	104
Халық үшін жеке салық қызметтерінің сапасы	105
Салықтық заңнаманы түсіндіру	109
<i>Қанағаттанушылық</i>	109
<i>Ақпарат алу тәсілдері</i>	111
<i>Ақпарат алу тілі</i>	114
Салық сұрақтары бойынша тұрғындардың хабарлығы	114
Кері байланыс әдістері	116
Тұрғындар алдында салық қызметі имиджі	117
Тұрғындар шағымы	120
Тұрғындардың бағалауы бойынша салық қызметінің тиімділігінің деңгейі	121
III Бөлім. САЛЫҚ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӨЗ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КОМПОНЕНТТЕРІ БОЙЫНША ҚАНАҒАТТАНУЫ	122
Жұмыскерлерді мотивациялау	123
Жұмыс ортасы	124
Басқару	126
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету	127
Үрдістер	129
Салық орғандағы мемлекеттік қызметтердің сапасы	130
Білім деңгейінің және кәсіби дағдылардың бағалауы	131
Салық қызметінің қызметкер портреті	137
ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР	139
Мінездемелер	146
ҚОСЫМША	148

КІРІСПЕ

Қазақстанның салық төлеушілер қауымдастығы және Қоғамдық Пікірді Зерттеу Орталығы, «Экономикалық реформалар арқылы бәсекеге жарамдылықты арттыру» USAID Жобасының, «Казцинк» ЖШС, «Өскемен титан-магниттік зауыт» АҚ, «Эрнст энд Янг» ЖШС және "Big Sevens & Consulting" ЖШС қолдауымен ҚР-ғы салық қызметіне баға беру мен мониторинг жүргізу бойынша зерттеу жүргізді.

Тиімді және әділетті салық жүйесін құру, және де салық қызметін алу кезінде, сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету Қазақстан халқының кәсіпкерлік белсенділікті жоғарылатудың және Қазақстан экономикасын дүниежүзілік экономикаға интеграциялау маңызды шарт болып табылады.

Қазақстанның салық жүйесінің дамуының стратегиялық бағыттарының бірі қоғамның салық жүйесінің органдарының қызметімен қанағаттануды қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстан Республикасының салық жүйесінің даму стратегиясында (Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитетінің төрағасы 2007 жылдың «12» қазаннан №734 бұйрыққа қосымшада) көрсетілген, салық әкімшілік ету бөлімінде кейбір мәселелер бар, олар, салық төлеушілердің салық қызметін сапалы көрсету мен салық заңнамасының сұрақтары және салық міндеттемелерін орындау бойынша қоғамның ақпараттылығы төмен болуымен қанағаттанбауы. Соған орай, келесі бағыттар бойынша жұмысты белсендірудің қажеттілігі туындайды:

- Қоғамның салық сұрақтарында ақпараттылығын көтеру: қалаған нәтижелерге жету үшін, салық қызметінің позитивті имиджін қалыптастыру үшін, үнемі қоғаммен байланыс жасау қажет - БАҚ арқылы, семинарлар, дөңгелек үстелдер, брошюралар мен буклеттерді шығару.
- Көрсетілетін салық қызметінің сапасын арттыру: салық қызметінің сапасы халықаралық стандарттарға сәйкес болу керек.

Бұл есеп беруде, 2007-2011 жж. бойынша, салық қызметтерін алудағы қызмет көрсету сапасының және салық органдарындағы көрсетілетін салық қызметінің сапасының мониторинг нәтижелері берілген. Бес жыл бойы, Қазақстанның барлық аумақтарында салық қызметі сапасына қанағаттанушылық бойынша заңды тұлғалар мен халық сұрауы жүргізіліп жатыр. Бірінші зерттеуде 15 қызмет түрі, екіншісінде – 42 салық қызметі қамтылып, соңғы үш жыл ішінде – заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге аса жиі көрсетілетін 7 салық қызметі мен тұрғындарға көрсетілетін 2 қызмет түрі, сондай ақ, салықтық заңнаманы түсіндіру қызметі қамтылған болатын. 2008 жылы далалық зерттеу нәтижелері бойынша, салық қызметтерін қамтуды өзгерту туралы шешім Тапсырыс беруші өкілдерімен келісе отырып қабылданды.

Тәуелсіз әлеуметтік сұраудың жыл сайынғы жүргізудің нәтижелеріне сәйкес, ҚМ-нің Стратегиялық жоспарында және салық әкімшілік етуді жетілдіру Бағдарламасында алдағы жылға салық қызметтерінің сапасын жақсарту бойынша бекітілген көзделген көрсеткіштерге жету үшін, жоспар және көрсетілетін салық қызметтерінің сапасымен салық төлеушілердің қанағаттануының мақсатты көрсеткіштері жетілдіріліп қабылданып жатыр. Іс-шаралар жоспары бірнеше шаралардан тұрады: олардың соңғы мақсаты көрсетілетін салық қызметінің сапасы бойынша, салық төлеушілердің қанағаттануын қамтамасыз ету болып табылады.

Зерттеу міндеттері:

1. Салық органдары жұмысының сапасы мен қол жетімділігі жағдайының өзгеруін тұтынушылардың (кәсіпкерлер мен тұрғындардың) бағалауы бойынша анықтау;

2. Тұрғындар мен кәсіпкерлердің салық қызметі органдарымен өзара әрекеттесуіне баға беру;
3. Қызмет көрсетушілердің өз жұмысының түрлі аспектілеріне қанағаттану мониторингін жүргізу;
4. Анықталған зерттеу нәтижелерінің негізінде салықтық басқарудың барлық негізгі аспектілері бойынша аймақтық салық органдарына ұсыныстар жасау.

Талдау нәтижелері салық қызметі жұмысындағы басымдықтарды, Қазақстанның жеке облыстары бойынша, сондай ақ, бизнес пен тұрғындарға көрсетілетін жеке қызметтер бойынша негізгі бағыттарды анықтауға, қызметкерлерді нақты мақсатқа жетуге бағдарлауға, осал жерлерді анықтауға, тұтынушы тілегінің қаншалықты қанағаттанарлық болғанын анықтауға мүмкіндік береді. Стратегиялық деңгейде индикаторлар миссия мен мақсаттардың орындалуындағы жалпы прогрессті бағалауда, ал оперативті деңгейде – нақты аймақтағы нақты қызмет сапасын жақсартудағы нақты шараларды бағалау үшін қолданылуы мүмкін.

Зерттеу әдістемесі

2008-2010 жылдардың алынған мәліметтерін салыстыру мүмкіндігі үшін, 2011 жылдың зерттеуі 2008 жылда өткізілген зерттеу әдістемесі бойынша жүргізілді.

Зерттеуде сапалық және сандық зерттеу әдістері қолданылды:

Сапалық зерттеу зерттелінетін мақсатты топта пікірлерді зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеуде заңды тұлғалардың өкілдерімен 20 тереңдетілген сұхбаттар жүргізілді.

Тереңдетілген сұхбаттар – респондентпен жүргізілетін оның негізгі себептерін, нанымдарын, пікірлері мен зерттелінетін тақырыпқа қатысын зерттеудегі құрылымданбаған жеке сұхбат.

Облыстар бойынша Тереңдетілген сұхбаттардың іріктеуі төменде кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Тереңдетілген сұхбаттың іріктеуі

Аймақтар	Тереңдетілген сұхбат саны
Астана	4
Алматы	6
Ақтөбе	2
Өскемен	2
Қарағанды	2
Павлодар	2
Шымкент	2
БАРЛЫҒЫ	20

Зерттеу объектісі:

Салық органдармен өзара әрекет тәжірибесі бар заңды тұлғалар мен ЖК өкілдері.

Зерттеу құралы:

Тереңдетілген сұхбаттар өткізу үшін, Тапсырыс беруші өкілдерімен сұхбат жүргізуге арналған (гайд) құрастырылып бекітілді. Гайд талқылаудың «қаңқасы» болып табылады, модератор сұрақтардың қойылуын, кезектілігін еркін ауыстыра алады.

Мәліметтерді енгізу және өңдеу:

Барлық сұхбаттар аудио-құрылғыларға жазылды. Барлық аудиожазбалары тәжірибелі мамандармен шифрланды. Тереңдетілген сұхбаттардың талдауы кезінде, респонденттер пайдаланған сөздерінің контент-талдауы, пікірлердің құрылуы мен зерттелуі пайдаланды.

Сандық зерттеу зерттелінетін параметрлердің көлемін, таралуын бағалауға мүмкіндік береді.

Кездейсоқ сериялы іріктеу пайдаланды, ондағы сериялар белгілі бір қызметтер ретінде болды. Сұрауда ауыл және қала елді-мекендері қамтылды. Зерттеу шеңберінде, салық қызметтерінің тізіміне ЖК мен заңды тұлғаларға арналған 7 ең көпшілік қолданатын қызметтер, салық заңнамасын түсіндіру мен халық үшін 2 қызмет түрі кірді.

Әр аймақта, әр қызмет бойынша, жазбаша, салық заңнамасын түсіну мақсатында электронды жолдауы, заңды тұлғалар мен ЖК үшін 14-15 респонденттер сұралды, халық үшін (физикалық тұлға) – 21 респонденттен аса.

Салық заңнамасының түсіндірілуі бойынша жазбаша және электронды жолдаумен заңды тұлғалар және ЖК арасында 61 респондент сұралды, және 50 – физикалық тұлғалардың арасында. Бұл қызметте іріктеу белгіленген жоқ.

2010 жылдың респонденттері 2011 жылда іріктеуге қатыспауы үшін, 2010 жылдың қараша айынан бастап 2011 жылдың шілде айына дейін қызмет алған респонденттер сұралды.

2011 жылдың зерттеуінің дала жұмыстары 11 шілдеден 22 тамызға шейін, Қазақстанның 14 облысында, Астана мен Алматы қалаларында жүргізілді.

Халық пен кәсіпкерлерде, әр іріктеп алынған қызметтерден келесідей ақпарат алынды:

- ⇒ Әр қызмет бойынша Салық органдарына жолығу жиілігі;
- ⇒ Жолығудың позитивті немесе негативті тәжірибесі;
- ⇒ Көрсетілетін қызметтердің сапа бағасы (күзiреттiлiк, кәсiпқойлық, қызметкерлерінің сыпайылығы, қызмет көрсетудің жылдамдығы);
- ⇒ Көрсетілетін қызметтің сапасының даму динамикасы;
- ⇒ Шағым бері процедурасы: наразылық білдіруші тұтынушылардың үлесі, себептері, шағым беру тәртібі;
- ⇒ Шағым берудің нәтижелері, соның ішінде нәтижесіне қанағаттану;
- ⇒ Ақпараттың сапасы, қол жетімділігі және уақыттылығы;
- ⇒ Өзара әрекеттесудің аса тиімді каналдары (БАҚ, Интернет, кеңестер, семинарлар, қоғамдық ұйымдар, салық қызметінің қызметкері);
- ⇒ Қайтарма байланыстың қалаулы әдісі және қажеттілігі;
- ⇒ Мәселелі аспектілер, ұсыныстар.

Кесте 2. Салық қызметтері бойынша зерттеуді сұрыптау (2011 ж.), %

Аймақтар	Заңды тұлғалар және ЖК							Халық	
	ЖК тіркеулік есепке алу	ҚҚС төлеушілерді тіркеулік есепке алу	Заңды тұлғаны жою, ЖК қызметін тоқтату	Салықтық берешектің болмауы/болуы туралы мәліметтер беру	Салықтық есептілікті қабылдау	Есепке алуларды және қайтаруларды жүргізу	Салықтық есептілікті өткізуді тоқтата тұру	Салық төлеушісін тіркеу	Салықтық берешектің болуы (болмауы) туралы анықтама беру
Астана қаласы	13	14	13	18	13	14	13	26	18
Алматы қаласы	25	19	26	19	19	20	20	54	39
Ақмола облысы	17	7	19	21	10	16	9	25	23
Ақтөбе облысы	14	15	14	15	10	14	14	29	25
Алматы облысы	18	13	18	19	14	13	15	24	24
Атырау облысы	14	11	15	17	10	16	13	21	23
Шығыс Қазақстан облысы	14	14	16	15	10	15	14	23	25
Жамбыл облысы	14	14	14	14	14	14	14	24	24
Батыс Қазақстан облысы	15	11	13	16	14	14	15	23	25
Қарағанды облысы	15	15	13	14	14	15	16	21	27
Қостанай облысы	14	12	15	15	13	16	9	25	24
Қызылорда облысы	14	16	17	15	8	13	16	22	22
Маңғыстау облысы	13	13	14	15	14	15	14	22	23
Павлодар облысы	14	13	14	15	14	14	14	26	24
Солтүстік Қазақстан облысы	15	12	16	16	14	15	9	23	22
Оңтүстік Қазақстан облысы	14	14	14	14	15	12	15	29	29
Барлығы	243	213	251	258	206	236	220	417	397

Салықтық қызметтің негізгі тұтынушылары (физикалық және заңды тұлға) мен қызмет көрсетушілеріне және қала мен ауылдық жерлердегі тұтынушыларға тікелей қызмет көрсететін салықтық органдар қызметкерлеріне сауалнамалық сұрау жүргізілген.

Заңды тұлғалар мен ЖК сұрауы.

Зерттеу объектісі:

Заңды тұлғалар мен ЖК өкілдері салық органдарында келесі қызметтердің біреуін алды:

1. Жеке кәсіпкер ретінде тіркеулік есепке алу (тіркелу, тіркелген мәліметтердің өзгерілуі, тіркелген есептен алу);
2. ҚҚС төлеушілерді тіркеулік есепке алу;
3. Заңды тұлғаны жою, ЖК қызметін тоқтату;

4. Салықтық берешектің болмауы/болуы туралы мәліметтер беру. Міндетті зейнетақы жарнасы бойынша, әлеуметтік аударымдары бойынша, дербес шоты бойынша көшірмелер қарыздары;
5. Салықтық есептілікті қабылдау (салықтық есептілікті қабылдау, салықтық есептілік сын-пікір);
6. Төленген салық сомасының, және де басқа міндетті төлемдердің бюджетке, өсім, айыппұлды есепке алуларды және қайтаруларды жүргізу;
7. Салық төлеушінің (салық агенті) салықтық есептілікті өткізуді тоқтата тұру (тоқтату мерзімінің ұзартуы/ қайта құруы);
8. Салық заңнамасының түсінігі.

Бұл жобадан 1688 кәсіпкерлер 8 қызмет бойынша сұраудан өтті. Зерттеуде әртүрлі кәсіпкерлік қызмет түрлерінің респонденттері: жеке кәсіпкерлер, басшылар немесе бухгалтерлер, яғни салық орындарымен өзара әрекет жасайтын адамдар.

Келесі схема бойынша республиканың 58 елді мекені зерттеумен қамтылған: әр облыста - облыстық орталық, шағын қала, ауылдық жердегі екі аудандық орталық және Астана мен Алматы қалаларының аудандары.

Кесте 3. Заңды тұлғалар арасында зерттеудің іріктеуінің бөлінуі, 2011 ж.

Аймақтар	Заңды тұлғалар мен ЖК
Астана қаласы	103
Алматы қаласы	166
Ақмола облысы	100
Ақтөбе облысы	100
Алматы облысы	117
Атырау облысы	100
Шығыс Қазақстан облысы	100
Жамбыл облысы	100
Батыс Қазақстан облысы	100
Қарағанды облысы	102
Қостанай облысы	100
Қызылорда облысы	100
Маңғыстау облысы	100
Павлодар облысы	100
Солтүстік Қазақстан облысы	100
Оңтүстік Қазақстан облысы	100
Барлығы	1688

95% жасырын интервалында іріктеу келесі нақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

Кесте 4. Іріктеу қателігі. Заңды тұлғалар арасында сұрау, N=1688

Өлшенетін көрсеткіштің көлемі, %	Қателік, %	Өлшенетін көрсеткіштің көлемі, %	Қателік, %
2%	±0,7%	30%	±2,2%
5%	±1,0%	50%	±2,4%
10%	±1,4%	80%	±1,9%
20%	±1,9%	90%	±1,4%

2011 жылы сұралған респонденттердің түрі бойынша заңды тұлғалар арасында мынадай бөліну жасалынды: АҚ 3%, ЖШС – 45%, шаруы (фермерлік) шаруашылықтары, ауылшаруашылық өнім шығарушылар мен кооперативтер (2%), мемлекеттік мекемелер – 3% және қоғамдық ұйымдар – 1% құрады. Жеке кәсіпкерлер респонденттердің 47% құрады.

Кесте 5. Заңды тұлғалардың және ЖК іріктеудегі түрі (2008-2011), %

	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.
Акционерлік қоғам	7	5	3	2
ЖШС	40	47	49	45
Жеке кәсіпкер	38	36	34	47
Шаруа (фермерлік) шаруашылық, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші, ауылдық тұтынушылық кооператив	8	3	2	2
Мемлекеттік ұйым (мекеме, РМК, КГП, т.б.)	7	7	8	3
Қоғамдық ұйым	-	2	1	1

2011 жылы Қала мен ауыл бизнес-респонденттерінің қатынасы – 2.5:1 сәйкесінше (2008 ж. және 2009 ж. – 2.5:1, 2010 ж. - 2.4:1) немесе 71,6% қала респонденттері және 28,4% ауыл респонденттері құрады.

Толығымен дерлік 2010 жылғы іріктемеге сәйкес келетін кәсіпорындардың шамасы: іріктеменің басым бөлігін қызметкерлер саны 1- ден 50- ге (75%) дейінгі кіші кәсіпорындар құрады. Жұмыс өтілі бойынша, компаниялар 2010 жылдың деңгейінде бөлінді.

Кесте 6. Кәсіпорынның шамасы мен компаниялардың жұмыс өтілі (2008-2011), %

Кәсіпорындардың шамасы	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.
Шағын (1-50 адам)	70	69	70	75
Орташа (51-250 адам)	22	25	25	20
Ірі (250 адамнан артық)	7	6	5	5

Компаниялардың жұмыс өтілі	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.
1 жылдан кем	9	11	10	12
1-3 жыл	29	30	25	24
4-10 жыл	40	41	44	42
10 жылдан артық	21	19	21	22

Сауалнамаға экономиканың ең алуан салаларының компаниялары қатысты. Бизнесінің түрлі салаларында жұмыс істейтін ұйымдардың және мемлекеттік мекемелердің салық салу мен салықтық есептікке байланысты бірқатар бизнес-үрдістері ортақ және де алынған салық қызметінің сапасын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Сұралған респонденттердің басым бөлігін сауда мен қызмет көрсету саласында жұмыс атқаратындар – сәйкесінше 35,8% және 22,8% құрады. Құрылыс және жөндеу салаларынан 11,8%, қалған басқа салалар респонденттері 0.6% - 7,3% құрады. Солардың ішінде мұнай-газ және тау-кен өндірістері сияқты салалар – 2% және 0,8% құрады.

Кесте 7. Респонденттердің қызмет ету саласы, 2011 ж.

	Саны	%
Сауда	605	35,8
Қызметтер (байланыс, қоғамдық тамақтану, қонақ үйлер, көлік, автосервис, тұрмыстық)	385	22,8
Құрылыс, жөндеу	199	11,8
Ауыл, орман шаруашылығы	123	7,3
Әлеуметтік сала (білім, медицина, әлеуметтік қызметтер)	77	4,6
Кеңінен тұтынатын тауарларды өндіру (тігін, тамақ өнімдері)	74	4,4
Өнеркәсіп, құрал-жабдықтар	45	2,7
Мұнай-газ саласы	33	2,0
Банктер, қаржылық, заңдық қызметтер	28	1,7
Жылжымайтын мүлікпен жүргізілген операциялар	24	1,4
БАҚ, басылымдар, полиграфия	17	1,0
Тау-кен секторы	14	0,8
Қауіпсіздік, қорғау, әскери және құқық қорғау қызметтері	11	0,7
Ғылыми-зерттеу, ғылыми-өндірістік қызмет	11	0,7
Туризм, мәдениет, демалыс, ойын-сауық	10	0,6
Басқа	32	1,9

Мәліметтерді жинау әдісі:

Жеке стандартталған сұхбат, ұзақтығы 30-35 минут.

Зерттеу құралы:

Респонденттердің бұл категориясына сұрау жүргізу, Тапсырыс берушімен ұсынған, 2008 жылдан бері сұрауда пайдаланып келе жатқан зерттеу құралы пайдаланған. Кейбір сұрақтар, ашық сұрақтар да респонденттер үшін түсінікті болу үшін түзетілген. Сауалнама бірнеше сұрақтар бөлімінен құралған: салық органдарымен өзара байланыс, ақпарат, кері байланыс, заңды тұлғалар мен ЖК үшін салық есептемесі және респонденттер туралы мәліметтер.

Халық арасынан сұрау

Зерттеу объектісі:

18 жастан бастап және жоғары жастағы қала мен ауыл тұрғындары, салық органдарынада үштен бір қызметті алғандар:

1. Салықтөлеушінің тіркелуі;

2. Салық берешегінің жоқ (бар) болуы туралы, міндетті зейнетақы жарнасы, әлеуметтік аударымдар туралы анықтама беру;
3. Салық заңнамасын түсіндіру.

Халық арасында 3 қызмет бойынша, бұл жобада салық органдарының қызметін тұтынушы 864 адам сұралды. Зерттеуде республиканың 58 елді-мекен пункті келесі схема бойынша алынды: әр облыста – облыстық орталық, кіші қала, 2 ауылды жердегі ауылдық орталықтар мен Астана мен Алматы қалаларының аудандары.

Кесте 8. Қала мен ауыл тұрғындарының арасында зерттеу іріктеуінің бөлінуі, 2011 ж.

Аймақтар	Халқы
Астана қаласы	51
Алматы қаласы	108
Ақмола облысы	50
Ақтөбе облысы	54
Алматы облысы	50
Атырау облысы	50
Шығыс Қазақстан облысы	50
Жамбыл облысы	50
Батыс Қазақстан облысы	50
Қарағанды облысы	50
Қостанай облысы	51
Қызылорда облысы	45
Маңғыстау облысы	50
Павлодар облысы	50
Солтүстік Қазақстан облысы	45
Оңтүстік Қазақстан облысы	60
Барлығы	864

95% жасырын интервалы бойынша, іріктеу мәліметтердің келесі нақтылығын қамтамасыз етеді:

Кесте 9. Іріктеу қателігі. Халық арасындағы сұрау, N=864

Өлшенетін көрсеткіштің көлемі, %	Қателік, %	Өлшенетін көрсеткіштің көлемі, %	Қателік, %
2%	±0,9%	30%	±3,1%
5%	±1,5%	50%	±3,3%
10%	±2,0%	80%	±2,7%
20%	±2,7%	90%	±2,0%

Мәліметтерді жинау әдісі:

Жеке стандартталған сұхбат, ұзақтығы 20-25 минут.

Зерттеу құралы:

Респонденттердің бұл категориясына сұрау жүргізу, Тапсырыс берушімен ұсынған, 2008 жылдан бері сұрауда пайдаланып келе жатқан зерттеу құралы пайдаланған. Кейбір сұрақтар, ашық сұрақтар да респонденттер үшін түсінікті болу үшін түзетілген. Сауалнама бірнеше сұрақтар бөлімінен құралған: салық органдарымен өзара байланыс, ақпарат, кері

байланыс, заңды тұлғалар мен ЖК үшін салық есептемесі және респонденттер туралы мәліметтер.

Мемлекеттік қызметкерлер- салық органдарының өкілдерінің сұрауы

Зерттеу объектісі:

Бұл жобада мемлекеттік қызметкерлер – салық органдарының қызметкерлері 433 адам сұралды. Зерттеуде республиканың 58 елді-мекен пункті келесі схема бойынша алынды: әр облыста – облыстық орталық, кіші қала, 2 ауылды жердегі ауылдық орталықтар мен Астана мен Алматы қалаларының аудандары.

Кесте 10. Мемлекеттік қызметкерлер арасында зерттеудің іріктеуінің бөлінуі, 2011 ж.

Аймақтар	Мемлекеттік қызметкерлер
Астана қаласы	26
Алматы қаласы	50
Ақмола облысы	25
Ақтөбе облысы	25
Алматы облысы	31
Атырау облысы	25
Шығыс Қазақстан облысы	25
Жамбыл облысы	26
Батыс Қазақстан облысы	25
Қарағанды облысы	25
Қостанай облысы	25
Қызылорда облысы	25
Маңғыстау облысы	25
Павлодар облысы	25
Солтүстік Қазақстан облысы	25
Оңтүстік Қазақстан облысы	25
Барлығы	433

95% жасырын интервалы бойынша, іріктеу мәліметтердің келесі нақтылығын қамтамасыз етеді:

Кесте 11. Іріктеу қателігі. Мемлекеттік қызметкерлер арасындағы сұрау, N=433

Өлшенетін көрсеткіштің көлемі, %	Қателік, %	Өлшенетін көрсеткіштің көлемі, %	Қателік, %
2%	±1,3%	30%	±4,3%
5%	±2,1%	50%	±4,7%
10%	±2,8%	80%	±3,8%
20%	±3,8%	90%	±2,8%

Мәліметтерді жинау әдісі:

Салық органдарының қызметкерлерімен сұраудың сауалнамасын өзіндік толтыру ұзақтығы 10-15 минут.

Зерттеу құралы:

Респонденттердің бұл категориясына сұрау жүргізу, Тапсырыс берушімен ұсынған, 2008 жылдан бері сұрауда пайдаланып келе жатқан зерттеу құралы пайдаланған. Кейбір сұрақтар, ашық сұрақтар да респонденттер үшін түсінікті болу үшін түзетілген.

Салық қызметінің қызметкерлеріне жұмыспен қанағаттануы, жұмыс климатының, басқару, материалдық-техникалық қамтамасыз етуімен, процестерімен, көрсетілетін қызметтің сапасымен, өз білімдері мен кәсіби дағдылардың деңгейін бағалауы, жұмысты жетілдіру мақсатында ұсыныстарға және қызметкерлерінің білімдері мен дағдыларының жақсартылуы бойынша ашық сұрақтар қойылды.

Зерттеу іріктеуінің түйіні

Бұл жобада 1688 кәсіпкерлер 8 қызмет бойынша сұраудан өтті. Зерттеуде әртүрлі кәсіпкерлік қызмет түрлерінің респонденттері: жеке кәсіпкерлер, басшылар немесе бухгалтерлер, яғни салық орындарымен өзара әрекет жасайтын адамдар.

Келесі схема бойынша республиканың 58 елді мекені зерттеумен қамтылған: әр облыста - облыстық орталық, шағын қала, ауылдық жердегі екі аудандық орталық және Астана мен Алматы қалаларының аудандары. Қазақстанның 16 аймақтары бойынша салық органдарының қызметін тұтынушы 1688 адам сұралды – заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер және 864 адам қызметті тұтынушылар халық үшін, яғни физикалық тұлғалар. Және де зерттеу шеңберінде салық қызметінің қызметкерлеріне де сұрау жүргізілді – 433 респонденттер.

Кесте 12. Зерттеу іріктеуі, 2011 ж.

Аймақтар	Халық	Заңды тұлғалар мен ЖК	Мемлекеттік қызметкерлер
Астана қаласы	51	103	26
Алматы қаласы	108	166	50
Ақмола облысы	50	100	25
Ақтөбе облысы	54	100	25
Алматы облысы	50	117	31
Атырау облысы	50	100	25
Шығыс Қазақстан облысы	50	100	25
Жамбыл облысы	50	100	26
Батыс Қазақстан облысы	50	100	25
Қарағанды облысы	50	102	25
Қостанай облысы	51	100	25
Қызылорда облысы	45	100	25
Маңғыстау облысы	50	100	25
Павлодар облысы	50	100	25
Солтүстік Қазақстан облысы	45	100	25
Оңтүстік Қазақстан облысы	60	100	25
Барлығы	864	1688	433

Сандық зерттеудің дала жұмыстарының сапасын қамтамасыз етудің рәсімдері

Зерттеудің жүргізілуіне халық арасында сұрау жүргізу нобойынша тәжірибесі бар интервьюерлер қатыстырылды, олар сұхбат жүргізу бойынша жалпы инструктаж өтті.

Дала жұмыстарын жүргізуде интервьюерлерге дайындық жұмыстары үш кезең бойынша жүргізілді:

- Менеджермен жүргізілетін брифингте, супервайзерлер мен интервьюерлер жобаның негізгі міндеттерімен танысты - оның спецификасымен, іріктеудің ерекшеліктерімен және құжаттарымен, сауалнамамен, сұхбатты жүргізу тәртібімен;
- Әр интервьюер, супервайзердің қатысуымен сынамалық сұхбат жүргізді;
- Сынамалық сұхбаттарды жүргізгеннен кейін, сынамалық сұхбатта интервьюерлермен жасалған негізгі қателіктер талданды, және де жаттығатын сұхбат жүргізу кезіндегі көпшілік қиыншылықтар тудырған сауалнамалардың бөлімдері анықталып түсіндірілді.

Бақылау жұмыстары

Дала жұмыстарын жүргізу кезінде, сұхбатты нақтылы жүргізгені дәлелі бойынша 15% бақылау болды. Оның мақсаты – зерттеуге респонденттердің таңдауының дұрыстығын анықтау, және де қажетті рәсімдерді орындау (жеке сұхбат, карточкаларды көрсеті т.б.):

- Сұрау жүргізілетін жерде бақылаушы немесе супервайзердің қатысуы;
- Барлық аймақтарды телефонмен бақылау, Алматыдағы ҚПЗО офисынан;
- Сауалнамалардың дұрыс толтыруына байланысты 100% тексеру жұмысы.

Техникалық құжаттардың пайдалануы

Зерттеудің дала жұмыстары кезінде, интервьюерлер мен супервайзерлер келесі техникалық құжаттарды толтырды:

- Респонденттердің қолжетпейтін (жауаптан бас тартуының) себептерінің тізім бланкі;
- Интервьюерлердің есеп беруі;
- Супервайзердің есеп беруі.

Қолжетпейтін себептері

Кесте 13. Заңды тұлғаларды сұрауда қолжетпейтін себептері, 2011 ж.

Аймақтар	Жауап беруге ықылас ым жоқ	Уақыт жоқ	Өз пікірін айтуға қорқу	Квота бойынша сәйкес келмейді	Жасырын ақпаратты жариялауға қорқады	Барлық бас тартулар	Сұрау жасауға барлық талпыныстар	Олардың ішінде аяқталған сұхбат
Астана қаласы	16	6	5	34	8	69	172	103
Алматы қаласы	25	24	7	42	5	103	269	166
Ақмола облысы	6	47	10	10	15	88	188	100
Ақтөбе облысы	1	3	2	13	0	19	119	100
Алматы облысы	3	8	6	32	2	51	168	117

Атырау облысы	14	11	7	22	0	54	154	100
Шығыс Қазақстан облысы	2	9	3	16	0	30	130	100
Жамбыл облысы	4	4	7	12	6	33	133	100
Батыс Қазақстан облысы	11	8	6	18	0	43	143	100
Қарағанды облысы	6	9	3	17	0	35	137	102
Қостанай облысы	2	9	0	19	0	30	130	100
Қызылорда облысы	6	8	3	19	3	39	139	100
Маңғыстау облысы	3	4	0	14	0	21	121	100
Павлодар облысы	7	23		34	0	64	164	100
Солтүстік Қазақстан облысы	2	10	0	11	1	24	124	100
Оңтүстік Қазақстан облысы	44	42	8	16	17	127	227	100
Барлығы	152	225	67	329	57	830	2518	1688

Заңды тұлғалардың ішіндегі респонденттердің қолжетерлік пайызы - 67%.

Кесте 14. Халық сұрауы бойынша қолжетпейтін себептері, 2011 ж.

Аймақтар	Жауап беруге ықылас ым жоқ	Уақыт ым жоқ	Квота бойынша сәйкес келмейді	Жасырын ақпаратты жариялауға қорқады	Барлық бас тартулар	Сұрау жасауға барлық талпыныстар	Олардың ішінде аяқталған сұхбат
Астана қаласы	8	3	12	0	23	74	51
Алматы қаласы	2	8	6	0	16	124	108
Ақмола облысы	13	19	8	0	40	90	50
Ақтөбе облысы	0	12	9	0	21	75	54
Алматы облысы	0	5	6	0	11	61	50
Атырау облысы	5	7	10	8	30	80	50
Шығыс Қазақстан облысы	3	21	6	0	30	80	50
Жамбыл облысы	0	0	0	2	2	52	50
Батыс Қазақстан облысы	1	0	0	0	1	51	50
Қарағанды облысы	2	5	8	1	16	66	50
Қостанай облысы	3	6	9	0	18	69	51
Қызылорда облысы	2	9	6	2	19	64	45

Маңғыстау облысы	3	4	6	3	16	66	50
Павлодар облысы	5	14	6	3	28	78	50
Солтүстік Қазақстан облысы	7	5	8	0	20	65	45
Оңтүстік Қазақстан облысы	16	5	9	0	30	90	60
Барлығы	70	123	109	19	321	1185	864

Халық арасындағы респонденттердің қолжетерлік пайызы - 73%.

I БӨЛІМ. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЖК СҰРАУ

Көрсетілетін салық қызметінің сапасын әр бағалауы бойынша, сандық мәліметтерден басқа, сапалық зерттеудің нәтижелері берілген, яғни, заңды тұлғалардың зерттелінетін көрсеткіш немесе салық органдарының жалпы жұмысы бойынша пікірлері.

Айта кету керек, жеке басшылардың, мекемелердің бухгалтерлері мен кәсіпкерлердің субъективті пікірлері, яғни, заңды тұлғалар өкілдерінің пікірлерінің репрезентативтіліктің жоғары деңгейі деп айтып бекітпеу керек. Және де оларды елемеуге де болмайды, өйткені, әр пікір – салық органдарының мемлекеттік қызметкерлерімен өзара байланыс бойынша біріншілік ақпараттың қайнаркөзі болып табылады.

Бастапқы мәліметтер

Бұл бөлімде келесі параметрлер талданады, олар салық қызметтерді ұсынудың сапасының бағасы:

- Жолығу жиілігі;
- Нақтылық және уақыттық шығындар;
- Қызметтердің ресми емес алуы.

Өтініштердің жиілігі

Салық төлеушілер көбінесе салық органдарына салық есептілігін тапсыру үшін жолығады (кем дегенде жылына 4 рет), сондықтан, бұл қызмет бойынша, басқа қызметтердің түрлеріне қарағанда, алушылардың пайызы жоғары (70%).

Жалпы, өткен жылғыдай, салық төлеушілер арасында ең көп таралған қызметтер келесілер болып табылады:

- Салық есептілігін тапсыру (салық есептілігі пікірі) – 70%;
- Салықтық берешектің болмауы және (немесе) болуы туралы мәлімет беру, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша қарыздар, дербес шоттан үзінді – 53%;

- Салықтық заңнаманы түсіндіру – 43%;
- ЖК-дің тіркелу есебі - 35%
- Есепке алуларды және қайтаруларды жүргізу –27%

Мұндай қызметтер, ҚҚС төлеушілерді тіркеулік есепке алу 23%, салық есептілігін тапсыруды тоқтату (тоқтату мерзімін созу/жаңарту) секілді салық есептемесін респонденттердің 20% ие болды. Заңды тұлғаларды жою немесе ЖК әрекетін тоқтату бойынша жолығулап барлығы 14% құрды.

Айта кету керек, мұндай қызметтерді алған респонденттер үлесі салық заңнамасын түсіндіруде, салық қарызы болуы немесе болмауы туралы мәліметтер беруде азайды. өткен 2010 жылмен салыстырғанда, ЖК тіркеулік есепке алуға жолыққан (тіркелген мәліметтердің өзгеруі, тіркеу есебінен алу), есептерді қабылдау мен салықты есепке алуды көрсетуді тоқтата тұрған кәсіпкерлердің үлесінің артуы байқалады.

Кесте 15. Қызметтер бойынша жолданымдар жиілігі (2009-2011), %

Қызметтер түрлері	Сән (аса жиі кездесетін жолданымдар саны)	N (қызмет көрсетілген респонденттердің саны), 2011ж.	% тұтынушылар санынан 2009	% тұтынушылар санынан 2010	% тұтынушылар санынан 2011
ЖК тіркеулік есепке алу	1	602	22	23	36
ҚҚС төлеушілерді тіркеулік есепке алу	1	381	20	23	23
Салықтық берешектің болмауы және (немесе) болуы туралы мәлімет беру	1	893	48	56	53
Салықтық есептілікті қабылдау	4	1173	62	65	70
Заңды тұлғаны жою, ЖК қызметін тоқтату	1	240	13	13	14
Есепке алуларды және қайтаруларды жүргізу	1	455	29	35	27
Салықтық есептілікті өткізуді тоқтата тұру	1	331	16	18	20
Жазбаша, электрондық жолданым	1	203	-	14	12
Мұнай-газ саласы бойынша	1	11	-	0,1	0,6
Тау-кен секторында	1	4	-	0,2	0,2
Салықтық заңнаманы түсіндіру	2	731	30	56	43


Түскен мәліметтерге қарағанда, келулер саны бойынша 2010 жылдағыдай, салық төлеушілер үшін ең мәселелі заңды тұлға қызметін жою немесе ЖК әрекетін тоқтату болып табылады, бұл қызметті алуда заңды тұлғалар Қазақстанның салық органдарына орташа алғанада – 5,5 рет жолықты. ЖК тіркеуді есепке алуда келулердің санының орта мәнінің айтарлықтай қысқартылуы байқалады 2010 жылы 2,7 реттен 2011 жылы 2 ретке дейін. Және де 2010 жылы максималды келулер саны 30 рет болды, ал 2011 жылы – максималды келулер саны 10 рет.

Барлық басқа салық қызметтер бойынша келулер санының орта мағыналар өткен жылға қатысты 1,5-2 келулер деңгейінде толқиды. Барлық респонденттердің шамалысы салық есептілігін тапсыру барысында салық органдарына барады – орташа 1,5 рет.

Өткен жылдарда сияқты, максималды келулердің санының абсолютті көрсеткіштер бойынша, заңды тұлғаны жою немесе ЖК әрекетін тоқтату және тапсырулар мен қайтарымдарды өткізу – сәйкесінше 48 және 12 келулерді құрайды. Жалпы көпшілік

салық қызметтерін алуда, максималды келулердің санының төмендеуі байқалады. 2010 жымен салыстырғанда, салықтөлеушілердің максималды санының көбеюі, келесі қызметтерді алуда байқалады – салық есептемесін көрсетуді тоқтата тұру қызметін алуда келулер саны 7 ден 10 күнге дейін артты, ал салық қарызының болуы және (немесе) болмауы туралы мәліметтерді алу кезінде – 9 дан 10 күнге дейін.

Сурет 1. Салық қызметтері бойынша заңды тұлғалардың және ЖК бару жиілігі (орташа).



Кесте 16. Салық қызметтері бойынша заңды тұлғалардың және ЖК бару жиілігі (орташа, максимум).

	Орташа			Максимум		
	2009	2010	2011	2009	2010	2011
ЖК тіркеулік есепке алу	2,4	2,7	2,0	15	30	10
ҚҚС төлеушілерді тіркеулік есепке алу	2,3	2,2	1,8	15	10	8
Салықтық берешектің болмауы және (немесе) болуы туралы мәлімет беру	2,3	2,0	1,8	36	9	10
Салықтық есептілікті қабылдау	1,9	1,8	1,5	10	15	10
Заңды тұлғаны жою, ЖК қызметін тоқтату	4,8	5,4	5,5	50	40	48
Есепке алуларды және қайтаруларды жүргізу	2,4	2,2	1,9	20	15	12
Салықтық есептілікті өткізуді тоқтата тұру	2,2	1,9	2,1	21	7	10
Жазбаша, электрондық жолданым	-	2,4	1,9	-	8	5

Зерттеудің сандық мәліметтері, 2011 жылдың 11 ақпанында басталған салық әкімшілігінің реформалауы бойынша жоба, өз мақсаттарға жетуде белгілі бір табыстары бар – салық есептемесін тапсыру кезінде уақыт қысқартылды, және де ЖК тіркеуге есеп алуда уақыт айтарлықтай қысқарды.

Салық қызметтері туралы заңды тұлғалардың пікірлері:

- «ЖШС Бас бухгалтері, айналысатын іс –азық-түлік саудасы, нарықта 5 жылдан астам. Салық есебін 2006 жылдан өткіземіз. Өткізу мерзімі 15күн, улгіреміз. Квартал, жылдық есеп өткізгенде көп күтеміз, 2-3 сағаттан 6 сағатқа дейін. Кем дегенде 5 рет тапсырамыз, шаршатады. Бір терезеге тұрсаң , келесіге жібереді, берген мағлұматтары түсініксіз. Жаңа бланктар түсініксіз, өзгерістерді алдын-ала айтса. Электрондық жүйе ыңғайлы, бірақ компьютерде дағдарыстар болады. Интернет арқылы қызмет көрсетсе, жақсы болар еді».


- «Бухгалтер ЖК, сыра сатумен айналысамыз. Нарықта 6 жыл. ЖК тіркелгеннен соң, есеп өткізе бастау керек. Бұл қызметті қазыр қолданып отырмыз, бізде кілт бар, сол арқылы істейміз. Есеп өткізу мерзімі квартал есебінен кейін 45күн. Өткізу мерзімдері қанағаттанарлықтай. Бұрын мерзімі 15күн еді, енді 45күн. Уақытында өткіземіз, үлгермесең, дәйек толтырылып, 45 МРП мөлшерінде айыппұл төленеді. Жоқ, қиындық болған жоқ. Салық бағдарламасын қайта-қайта ауыстыра бермесе, жеңіл болар еді. Енді үйренгенде, қайта өзгереді. Ол өзгермейді, жаңарады, айына бір рет программистты шақырамыз. Жаңарту құжатсыз 3000-3 айыппұл төленеді 500, ал құжатпен 7000 болады. Ай сайын жаңартпасаң, есеп бармайды. Онда айыппұл төлейсің. Бізде оператор бар, біз оған астыртын төлемақы береміз. Кілт алу үшін өтініш беру керек, үш күннен кейін ол дайын болады, бірақ әр салық комитеттерінде әрқалай. Кілт алу үш минут, бірақ инспектор бір жаққа кетіп қалса, ұзақ күтесің. Салық қызмет көрсетуі қанағаттанарлықтай, тез және ыңғайлы, әсіресе Салық төлеуші кабинеті арқылы. Уведомление тез келеді, осы жерде сверка актісін алуға болады. Проблема біреу ғана - инспектор бір жаққа кетіп қалса, оны күту. Бланктар түсінікті. Инспекторлар өз орнында отыру керек, бізге көмектесуге ынталы болу керек».

Нақтылық және уақыттық шығындар

Салық қызметінің сапасын бағалауда қызмет алуға кеткен уақыт пен берілген құжаттың нақтылығы/дұрыстылығы маңызды рөл алады. Респонденттердің 4% алынған құжаттың қателердің болуын атап өтті. Ал Қазақстан бойынша жақсы деп жауап берді (2010 жылы 6% болды). 5-9% деңгейінде қателер Алматы қаласында, Ақтөбе, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстарында анықталды. Берілген құжаттарда қателердің 10-12% деңгейінде Астана қаласы және Алматы облысында байқалды. Қателіктерді жоюға салық органдарына орташа 8 күн қажет, максимум – 1 ай шамасында. 2010 жылғы мәліметтер бойынша, қателіктерді жоюға максималды мерзім 4,5 айға шейін жеткен болатын. Және де 2010 жылмен салыстырғанда, салық органдарының қызметкерлерімен құжаттардың жоғалтуын белгілеген респонденттердің үлесі қысқарды, ол респонденттердің 2010 жылы 3,4%-дан 2011 жылы 2%-ға дейін.

Кезекте тұрып күтудің орташа ұзақтығы 29 минутқа шейін қысқарды және ол 209 жылдың көрсеткішіне жақындады. «Кезекте күту уақыты» көрсеткіші бойынша салықтөлеушілердің ең төмен қанағаттануы Астана қаласында байқалады, онда заңды тұлғаларға кезекте тұру орташа алғанда 1,5 сағатқа жуық уақыт алады. Және де Оңтүстік-Қазақстан облысында – кезекте бір сағатқа жуық уақыт тұрады.

Сурет 2. Кезекте күтіп тұрудың орташа ұзақтығы, минуттар (2007-2011)



2011 жылдың мәліметтері бойынша, салық қызметті алуды күту бойынша, Шығыс-Қазақстан және Батыс-Қазақстан облыстары ең төмен көрсеткіштерімен көзге түсті. Бұл облыстарда – күтудің максималды мерзімдері белгіленді – 31 күн. Және де күтудің үлкен мерзімдері, 30 күн шамасында, Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік-Қазақстан және Ақтөбе облысында анықталды.

Салық қызметтері туралы заңды тұлғалардың пікірлері:

- «Қазір салық қызметкерлері қате жібермейді, бұрын рас болған. Мысалы, 2 жыл бұрын инспекторда аты бідікіндей кәсіпорын болған. Мен құжат алғанда, айыппұлды көріп таңырқадым. Сөйтсе, қате кетіпті. Бөлім бастығына барыдым, ол кешірім сұрап, көмектесті. Тездеткеннің өзінде тағы 3 күн күттім».

- «Қарызы жоқ деген анықтама алу үшін 5 күн күтесің. Өткен жолы олардың қателігінен мен 10 күн күттім. Салықшылар бізге қателесіп қарыз жазыпты, бізде қарыз жоқ болатын. Оларға бірнеше бардық, хат жазуға тура келді, сонан соң қатесін түзеді. Қиындық нашар ұымдастырудан, салық қызметкерлерінің кәсіптігінің төмендігінен. Яғни, адами фактор».


- «Салық қызметкерлері қатесінен біз құжат ауыстырғанбыз, олар хаттарды жоғалтты, біз қайта әкелдік. Ешқашан кешірім сұрамайды. Хаттарды жоғалтқанда, олар телефонмен хатты қайта сұратты. Хатыңызды білмейміз, ксерокопиясын әкелу керек деді».

Қызметтерді ресми емес түрде алу

2011 жылдың сұрау нәтижелері бойынша ресми түрде емес алынатын қызметтер үлесі сол қалпында қалды, 2010 жылмен салыстырғанда - 2%.

Айта кету керек, кәсіпкерлер өкілдерінің 2,4% «Қызмет алу кезінде Сізге жасырын сыйақы беруге тура келді ма?» деген сұраққа жауап беруден бас тартты. Бұл категорияның тура осындай саны (2,4%) «Сізге делдалдың қызметіне жүгінуге тура келді ме?» сұраққа жауап беруден бас тартты.

Сурет 3. Қызметтерді алу кезінде заңсыз сыйақылар, 2007-2011 жж., %



Сұраудың мәліметтері бойынша, салық қызметінің ресми емес алу қажеттілігі, өткен жылдардағыдай, Заңды тұлғаны жою, ЖК әрекетін тоқтату бойынша қызметті алу барысында туындайды – 4,8% жағдайлар. Бұл көрсеткіштің артуы басқа қызметтер бойынша да байқалады: салықтық берешектің болмауы және (немесе) болуы туралы мәлімет беру, есепке алуларды және қайтаруларды жүргізу. 2010 жылдағы 3%-дан 2011 жылы 2%-ға дейін делдалдардың қызметіне жүгінген респонденттердің үлесі азайды.

Кесте 17. Салық қызметтерін заңсыз алу, 2009-2011 жж., %

	Заңсыз сыйақы берді			Делдалдың қызметін пайдаланды		
	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.
ЖК тіркеулік есепке алу	1	1	1,6	3	2	1,2
ҚҚС төлеушілерді тіркеулік есепке алу	1	1	0,9	4	2	1,4
Салықтық берешектің болмауы және (немесе) болуы туралы мәлімет беру	0	3	2,4	2	3	2,4
Салықтық есептілікті қабылдау	2	1	1,2	3	1	0,8
Заңды тұлғаны жою, ЖК қызметін тоқтату	3	5	4,8	3	3	3
Есепке алуларды және қайтаруларды жүргізу	1	2	1,4	1	4	2,8
Салықтық есептілікті өткізуді тоқтата тұру	0	2	1,9	3	3	2,5
Жазбаша, электрондық жолданым	-	2	-	-	4	-
Барлығы	1	2	2	3	3	2

Сыйақы көлемінің орташа мөлшері 2011 жылы 24964 теңге құрайды – бұл өткен жылғы көрсеткішке қарағанда (36391 теңге в 2010 ж.) аз. Заңсыз сыйақының минималды мөлшері 500 теңге көлемінде (2010 жылдағыдай қалды), максималды – 180 000 теңгені құрайды (220 000 теңге в 2010 ж.).

Тереңдетілген сұхбаттағы заңды тұлғалардың заңсыз сыйақылар туралы ақпарат:

- «Егер жұмыс жүрмесе – барып біанықтаймын. Егер бір салықтан көп төленсе, ал келесі салық кем төленсе, мен аударыстырамын – Ф-31. Олар 15 күнде оны жасау керек.

Бірақ кейде ұзақ жасайды, олар бет есеп бермейтіні жаман. Салық кодексін түгелдей оқындар, дейді, ал онда көшірмелер, онымен салықты тексеру қиын, онда жалпы сан тұр, ал бет есепте – әр салық бойынша бөлек, Кестенің қай мерзімі екі көрсетіледі. Бүгін өтініш беремін, оларо 15 күн ішінде аударады. Бірақ кейде тездетеміз, қыздарды сұраймыз, пара бермеймін, олар сұрамайды. Шоколад беремін кейде».

- «Делдалдармен кездескенбіз. Бірде есепті басқа салық комитетіне тапсырыппын. Уведомление келгенде бірақ білдім, айыппұл жазылыпты. Таныс арқылы 10мың теңге төлеп, айыппұлды жойдым. Мөлшерін білмеймін, конвертке салып бердім, алды, жеткен шығар. Бәрі тез шешілді. Делдалдармен байланысқан дұрыс емес. Жемқорлық қауып салық есептерін өткізгенде кездеседі, ары бармау керек. Жылдық есепте кез келген бухгалтер салық заңдарын жетік білмейді. Қателер болады, пара арқылы түзетуге болады. Әр бухгалтерде бұл болатын шығар, салық қызметкерлерінің еңбекақылары төмен болғандықтан шығар».

- «Жоқ, біздің компания пара берген емес. Таныстар берген 50ге 50, айыппұлды төлемеу үшін. Айыппұл туралы – оны болдырмау керек, сонда пара бермейсің. Кейде айыппұлды салғанда әдейі провокацияға барады, бірақ өз хұқығыңды қорғау керек».

- «Кейде СОНО арқылы есеп өткізесің, жетті деген статус шығады, ал уведомление жоқ. Бұл есеп өткізген күнмен шығады. Кейде программада дағдарыстар болады, есеп жетпей қалады. Заң бойынша есеп өтпеген болып есептеледі, ал инспекторлар пара сұрайды немесе айыппұл салады. Пара айыппұлдың 50 пр, яғни 25-30 тысяч тенге, инспектордың қолына беру керек. Сол мезетте, жарты сағатта құжаттар дайын, айыппұлды жойылады. Делдалдар арқылы қарызы жоқ деген анықтама алуға, тездетуге болады. Проблема тез шешіледі, бір телефон қоңырауы жеткілікті. Салық инспекциясында кез келген қызмет көрсетілгенде жемқорлық қауып бар. Себебі тез керек, айыппұлды жою керек».

- «Жоқ, пара берген емеспін. Мүмкін керек шығар. Бірақ біз заң шеңберінде қызмет жасаймыз. Жабылғанда, тіргелгенде, учеттан шыққанда; қайта тіргелгенде, жойылғанда жемқорлық қауып бар. Жойылғанды көрдім – өте қиын – кеден, салық, көп анықтама керек, ашу оңай, жабу қиын. Сыртқы байланысты тексереді, бәрінде сверка актісі керек, есептер түгелдей ткізулі болу керек. Аудит болу керек, ал олар 3 ай отыруы мүмкін. Өте қиын, пара беруім оңай еді».

Жалпы, көпшілік салық қызметтерін алуда, келулердің максималды санының азаюы байқалады. 2010 жылмен салыстырғанда, салықтөлеушілердің келуінің максималды санының шағын көбеюі, ол салық есептемесін көрсетуді тоқтата тұру және салық қарызының болуы не болмауы туралы мәліметтерді алу кезінде байқалады.

2010 жылдағыдай салықтөлеушілерге ең мәселелі қызмет болып – заңды тұлғаларды жою немесе ЖК қызметін тоқтату болып табылады. Бұл қызметті алуда, заңды тұлғалар Қазақстанның салық органдарына жиірек жүгінеді. Келулер жиілігі бойынша респонденттер салық органдарына салық есептемесін тапсыру кезінде ең аз барады. Салық қызметінің ресми емес алу қажеттілігі, өткен жылдардағыдай, көбінесе Заңды тұлғаны жою, ЖК әрекетін тоқтату бойынша қызметті алу барысында туындайды. Жалпы, ресми емес қызметті алу үлгісі 2010 жылмен салыстырғанда сол қалпында қалды.

Жалпы Қазақстан бойынша, алынған құжаттарда қателіктердің болуы туралы айтқна респонденттердің үлесі азайды, және де салық органының қызметкерлерімен құжатты жоғалтқаны туралы айтқан респонденттердің үлесі азайды. Салық органының қызметкерлерімен қателіктерді жоюдың максималды мерзімдері қысқарды. Кезекте тұрып күтудің орташа ұзақтығы 29 минутқа дейін азайды және 2009 жылдың көрсеткішіне жақындады.


Салық органдары қызметі сапасымен кәсіпкерлердің бағалауы

Қызмет алушылардың қанағаттануы тек нәтиженің бағалауымен ғана құрылмайды (анықтаманы алды, тіркелуді рәсімдеді, салық есептемесін тапсырды және т.б.), сонымен қатар өзара байланыс процесін бағалаумен де құрылады. Яғни, бізге қызметтердің сипаттамасы мен қызмет ету параметрлерін де ерекшелеу қажет. Тіпті нәтижеге жетсек те (салық есептемесін тапсырды), қызмет алушы қанағаттанбаған болып қалады, егер де өзара байланыс процесі оның қажеттіліктерін есепке алынбаса. Алайда ең тату процедура кезінде де, қызмет алушы да қанағаттанбаған болады, егер де оның сапасыз қызмет көрсетуді алғаны анықталса (мысалы, берілген анықтамада қателер бар). Дәл сондықтан бұл екі параметрлер өзара баланысқан.

Өткен жылдармен салыстырғанда жеке кәсіпкерлердің қызмет сапасымен қанағаттануы

2011 жылдың сұрау нәтижесі бойынша, жалпы Қазақстан бойынша, «Жалпы қызметтің сапасы» қанағаттану көрсеткіші 2%-ға азайды, 2010 жылмен салыстырғанда. Аймақтар бойынша, олардың көпшілігінде, қанағаттанудың жоғары деңгейі байқалады – 90%-дан жоғары. Ал төмен қанағаттану – Атырау облысы (56%), Астана қаласы (57%) және Маңғыстау облысы (70%). Сонымен қатар Маңғыстау облысы туралы айта келсек, бұл көрсеткіштің өткен жылдармен салыстырғанда жоғарылауы байқалады.

Сурет 4. Жалпы алғанда аймақтар бойынша қызметтерге қанағаттану (2011 ж.), N=1688, %



Алматы қаласын ерекшелеуге болады, мұнда қызметкөрсету сапасымен қанағаттанған салықтөлеушілер саны айтарлықтай көбейді, 2010 жылы 66%-дан 2011 жылы 97%-ға дейін.


2010 жылмен салыстырғанда, бұл көрсеткішті төрт аймақтар жақсартты – Қостанай, Батыс-Қазақстан, Маңғыстау және Солтүстік-Қазақстан облыстары.

Кесте 18. Алдыңғы жалдармен салыстырғандағы өзгерістер, қызметпен жалпы қанағаттануы (2008-2011), %

	2008 ж.	2009ж.	2010 ж.	2011 ж.	2011-2010
Орташа	81	85	88	86	-2
Елеулі жақсарды					Прогресс 2011-2010
Алматы қаласы	70	82	66	97	31
Орташа жақсарды					
Батыс Қазақстан облысы	80	88	91	100	9
Маңғыстау облысы	59	45	61	70	9
Қостанай облысы	98	93	97	100	3
Солтүстік Қазақстан облысы	96	96	95	96	1
Өзгерген жоқ немесе аздап нашарлады					Регресс 2011-2010
Қызылорда облысы	44	89	96	96	0
Павлодар облысы	85	90	100	99	-1
Алматы облысы	64	83	93	88	-5
Шығыс Қазақстан облысы	93	91	97	92	-5
Қарағанды облысы	86	76	100	92	-8
Ақмола облысы	96	95	98	90	-8
Елеулі нашарлады					
Ақтөбе облысы	89	93	93	80	-13
Атырау облысы	59	81	69	56	-13
Жамбыл облысы	93	95	94	82	-12
Астана қаласы	76	73	69	57	-12
Оңтүстік Қазақстан облысы	59	90	89	77	-12

Өз көрсеткіштерін едәуір төмендеткендер – Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Оңтүстік-Қазақстан облыстары мен Астана қаласы (12%-13%-ға).


Сурет 5. Өткен жылмен салыстырғандағы 2011 жылы көрсеткіштердің елеулі нашарлауы



Сурет 6. Өткен жылдармен салыстырғандағы 2011 жылы көрсеткіштерінде өзгерістер жоқ немесе аздап нашарлауы



Сурет 7. Өткен жылдармен салыстырғандағы 2011 жылы көрсеткіштердің елеулі немесе орташа жақсаруы



Салық қызметінің сапасы салық қызметкерлеріне байланысты деген заңды тұлғаларының пікірлері:

- «Сапалы қызмет салық қызметкерлерінің кәсіптік деңгейіне, объективтілігіне, ынталануына байланысты. Бізде позитивтік тәжірибе бар. Бізбен жұмыс істеген салық қызметкерлері өз жұмысын адал істеді. Танысқа баруға тырысасың, неге екенін білмеймін. Таныс арқылы тез, деп ойлаудуан шығар. Немесе өзіміздің тіркелген инспекторына барасың, барлық салық қызметкерлері жұмысын өз деңгейінде істейді, бірақ тұтынушы риза болатындай істемейді. Жалпы СК қызметкерлерінің жұмысы қанағаттанарлықтай. Қойған сұрақтарыма түбегейлі жауап алып жүрдім».

- «Салық қызметінің сапасының проблемасы – зал өте үлкен, терезе көп, бірақ көбі жабық. Содан кезек көп, халық ашулы. Бәрі терезе жұмыс істесе, дұрыс болар еді. Егер

сервердің сайты дұрыс істесе, есепті тез қабылдаса дұрыс болар еді. СК жұмысы түк өзгерген жоқ, үш жыл бұрын осылай болған. Бір жағдай болған – бір қыз тырнағын егеп, ешкімді қабылдамай отырған. Мен үндемедім, бір әйел бастыққа шағымданды, сосын жұмыс жүрді».

- «Салық қызметінің сапасы қызметкерлердің кәсіптік деңгейіне байланысты. Ал басқа себептер басты емес. СК қызметкерлерінің жұмысы қанағаттанарлықтай. Көбі өз ісін жетік біледі. Салық қызметкерлерінің қатесінен біз құжат ешқашан ауыстырған жоқпыз, өз қатеміз болды».


- «Мен бухгалтер болып 1995 жылдан істеймін, қазір олардың жұмысы жақсарды. Олар қазір тезірек және ілтипатпен жұмыс істейді. Бір кемшілік – сауаттылық жетіспейді, қазір оларда жастар көп, оларға өзінің үйретуіне тура келеді».

Салық органдарының қызметтерінің сапасына бөлек параметрлер бойынша кәсіпкерлермен баға беру

Мерзімі және уақыты

«Мерзімдер мен уақыт» блогі өзіне 4 параметрді қамтиды: кезекте тұру уақыты, мерзімдерді сақтау, құжат жинауға жұмсалған анықталған мерзімдер мен уақыт.

Сурет 8. Облыстар бойынша уақыт шамаларына қанағаттанушылық, 2011 ж., N=1688, %



Салық қызметін алған кезде мерзімдер мен уақыт параметрлерімен қанағаттануы төмен, өткен жылмен салыстырғанда, олар Астанада, Атырау мен Маңғыстау облыстарында байқалады. Әсіресе, кезекте тұру бойынша Астана мен Атырау облысы ерекшеленді. Жалпы, салықтөлеушілердің мерзімдер мен уақыт параметрлерімен қанағаттану үлесінің жоғарылауы байқалады.

Кесте 19. Облыстар бойынша уақыт шамаларына қанағаттанушылық, 2011ж., N=1688, %

Қызметтер	Кезек күту уақыты	Қызметтер мерзімінің сақталуы	Қызметтерді алудың белгіленген мерзімі	Қажетті құжаттарды жинау уақыты	Жалпы алғанда мерзімдер мен уақыт
Астана қаласы	51,5	69,9	68,9	56,3	61,7
Алматы қаласы	91,6	97,6	98,2	86,1	93,4
Ақмола облысы	78,0	83,0	79,0	71,0	77,8
Ақтөбе облысы	77,0	83,0	88,0	63,0	77,8
Алматы облысы	72,6	88,9	90,6	81,2	83,3
Атырау облысы	59,0	54,0	55,0	65,0	58,3
ШҚО	78,0	94,0	93,0	92,0	89,3
Жамбыл облысы	91,0	91,0	86,0	82,0	87,5
БҚО	98,0	97,0	97,0	94,0	96,5
Қарағанды облысы	78,4	93,1	90,2	85,3	86,8
Қостанай облысы	98,0	100,0	100,0	100,0	99,5
Қызылорда облысы	84,0	92,0	86,0	87,0	87,3
Маңғыстау облысы	67,0	65,0	67,0	61,0	65,0
Павлодар облысы	96,0	100,0	95,0	87,0	94,5
СҚО	70,0	89,0	84,0	76,0	79,8
ОҚО	71,0	74,0	76,0	73,0	73,5
Қазақстан бойынша орташасы	79,2	86,2	85,2	79,0	82,4

Кесте 20. Уақыт параметрлеріне жалпы қанағаттанушылық бойынша аймақтардың рейтингі, 2011ж., N=1688, %

Жалпы мерзімдер мен уақыты	
Көшбасшылар	
Қостанай облысы	99,5
БҚО	96,5
Павлодар облысы	94,5
Алматы қаласы	93,4
Орташа эшелон	
ШҚО	89,3
Жамбыл облысы	87,5
Қызылорда облысы	87,3
Қарағанды облысы	86,8
Алматы облысы	83,3
СҚО	79,8
Ақмола облысы	77,8
Ақтөбе облысы	77,8
ОҚО	73,5
Аутсайдерлер	
Маңғыстау облысы	65
Астана қаласы	61,7
Атырау облысы	58,3
Қазақстан бойынша орташасы	82,4

Салық қызметін көрсетудің мерзімдері туралы мағлұматтарды заңды тұлғалар растайды:

